



## V Тарау. Ювенилді қан кету

Шынайы ювенилді қан кету етеккір қызметінің қалыптасу кезеңіндегі пайда болған дисфункциональды жатырдан қан кету, яғни патогенезінің негізінде гормональды гомеостаздың бұзылышы жататын қан кетулер және жыныс сферасында бастапқы органикалық аурулардың болмауы (ісіктер, инфантилизм, даму ақаулары). Жатырлық қан кетулер патогенезі бойынша менаражден менопаузага дейін кез-келген жаста дисфункционалды болуы мүмкін. Соның жылдары етеккір қызметінің бұзылышы бар наукастар саны есүде. Бұл біздің елімізде кейбір аймактарда экологияның нашарлауына байланысты болуы мүмкін. Дәрігерлер бұл дисфункционалды өзгерістердің ертеме кешпе эндометрий гиперплазиясы,adenокарцинома, аналық без поликистозы сияқты органикалық ауруларға айналуы мүмкін екенін есте сактағаны дұрыс. Эртүрлі авторлардың айтуы бойынша ювенилді қан кетудің кездесу жиілігі әртүрлі, 2,5%-дан 38,2% аралығында.

**Этиологиясы.** Ювенилді қан кетуге алып келетін басты этиологиялық фактор болып табылады: перинаталды кезеңнің колайсыз ағымы, балалық шағында ауырған созылмалы және жіті инфекциялық аурулар, созылмалы соматикалық аурулар, эндокринді бездер қызметінің бұзылышы, балалық және актуальды психогеніялар, гиповитаминоздар, алиментарлы факторлар, зиянды экологиялық факторлар. Антенаталды кезеңнің колайсыз өтуі, гонадалардың күрсак ішілік дамуының жеткіліксіздігіне, сонымен катар жыныс жүйесін орталық реттеуші жүйелердің жарамсыздығына алып келуі мүмкін. Интоксикациямен жүретін жіті және созылмалы инфекциялық аурулар, гипоталамустың қызметі мен аналық безге, сонымен катар жатырға колайсыз әсер етуі мүмкін.

Сонымен катар инфекциялық аурулар екіншілік иммунологиялық бұзылыштарға, әрі қарай көптеген патологиялық процестердің дамуына, сонымен катар аутоиммунды бұзылыштарға алып келуі мүмкін. Иммунды жауап жіті қабынумен басқа да патологиялық жағдайларға сипатты антигенпрезентирлеуші жасушалардың (моноциттердің, макрофаг, эндотелиоцит, эпидермоциттердің және т.б.) белсенделілігінің жоғарылауына алып келеді. Осының нәтижесінде иммунды жауаптың пайда болуына тікелей әсер ететін цитокиндер продукциясы жоғарылайды. Интерлейкиндер гипоталамустың белсенделілігіне әсер етеді. Сонымен катар интерлейкиндер гепатоциттерге тітіркендіруші әсер көрсетіп, бірнеше катар үшін факторларының продукциясына ықпал етеді. Созылмалы соматикалық аурулардың арасынан алдымен бауырдың созылмалы ауруларын карау керек. Жыныс стероидтарының бөлінуі мен инактивациясы бауыр арқылы жүреді. Бауырдың акуыз түзуші қызметінің бұзылуы гормоналды гомеостаздың бұзылышына алып келеді. Бұл бұзылыштар гипоталамо-гипофизарлы гормондардың қалыпты секреция ритмін бұзып, репродуктивті жүйедегі гормоналды гомеостаздың бұзылышына алып келеді, нәтижесінде тұрақты ановуляцияға алып келеді.

Сонымен катар бауырда фибринолиз жүйесі мен үшін жүйесінде бірқатар плазмалық факторлардың синтезі жүреді (VII, X, IX, II, V, XI факторлар, протромбин, проконвертин, Кристмас факторы, Стюарт-Пауэр факторы). Гормоналды гомеостаз бұзылышы гемостаз жүйесінің жеткіліксіздігіне алып келеді. Бұл жағдайда дисфункционалды басталған жатырдан қан кету, канның коагуляциялық потенциалының жеткілікіздігінен қүшіе түседі және ұзакқа созылады. Психогеніяның жіті және созылмалы түрлері кезіндегі ювенильді қан кетудің себебі етеккір қызметінің гипоталамо-гипофизарлы реттелудің бұзылышы салдарынан болады.

**Патогенез.** Жыныстық жетілу кезеңіндегі дисфункционалды жатырдан қан кетудің жиі кездесуі гипоталамо-гипофизарлы-аналық без жүйесінің бұл кезеңде оның толық жетілмесіне байланысты әлсіз болуымен түсіндіріледі және

әртүрлі колайсыз жағдайлана сезімтал болады. Ювенилді қан кетуі бар науқастардың репродуктивті жүйесіндегі гормональды гомеостаз бұзылысының біріншілік орны гипоталамус қызметінің бұзылысы кейін аналық бездегі бұзылыстар, аналық бездегі стероидогенездің бұзылысында болуы мүмкін, кері байланыс механизмі бойынша гонадотропиндер секрециясының бұзылысына алып келуі мүмкін.

Сонында, алғашкы себебіне байланыссыз, ювенилді қан кетудің негізінде жаткан гипоталамикалық, гипофизарлы, аналық без гормондарының қалыпты секреция ритмі бұзылады. Сонымен катар, шынайы ювенильді қан кетудің генезінде жатырдың толық жетілмеуіне байланысты жатырдың нервтік-рецепторлы аппаратының жарамсыздығы орын алады. Миометрийдің контрактильді белсенділігінің тәмен болуы және өзінің жыныс гормондарына сезімталдығының тәмен болуыда әсер етеді. Ювенилді қан кетуі бар науқастарда гипофиздің гонадотропты қызметінің өзгеру сипаты аурудың ұзактығына, менархе жасына, науқастың жасына байланысты. ФСГ мен ЛГ қалыпты секреция ритмінің бұзылысы барлық науқастарға тән. Ю.А.Гуркиннің мәліметі бойынша ЮҚҚ бар науқастарда ФСГ мен ЛГ белінің ретсіз сипатта болады. ЮҚҚ патогенезі әртүрлі науқастарда индивидуальды ерекшелігі болуы мүмкін. Сонымен ЮҚҚ ановуляторлы, овуляторлы болуы мүмкін, гипержәне гипоэстрогения фонинда, сонымен қатар гиполютенизм кезінде болуы мүмкін. ЮҚҚ бар науқастардағы патогенез ерекшеліктері, оларға унифицирленген емдеу схемасын колдануға болмайтынын көрсетеді. Оны бес пайыздан артығырақ жағдайда гиперпролактинемия тіркеледі. Көп жағдайда ЮҚҚ ановуляторлы сипатта болады. Біздің тексеруіміз бойынша ЮҚҚ бар науқастардың көбісінде гипоталамикалық, гипофизарлы гормондардың қалыпты секреция ритмінің бұзылысы, жетілмеген фолликулдардың персистенциясы мен дамуының бұзылысына алып келеді. Сирек жағдайда аналық без қызметінің бұзылысы жетілмеген фолликулдар атрезиясына немесе жетілген фолликулдар персистенциясына байланысты болады, оданда сирек –

сары дене персистенциясына байланысты. Қан сарысуындағы эстрогендердің деңгейі даму сатысындағы фолликулдардың мөлшеріне байланысты болады. Жетілген фолликулдер персистенциясы кезінде абсолютті гиперэстрогения пайда болуы мүмкін-белгілі бір кезеңде эстрогендердің шамадан тыс болуы. Овуляциямен сары дененің болмауы гестагендер синтезінің бірден темендеуіне алып келеді және ұзак уақыт бірқалыпты гормон тәуелді ағзаларға эстрогеннің әсер етуі байқалады. Бұл эндометрийде гиперпластикалық өзгерістерге алып келеді. Гиперпластикалық өзгерістердің айқындылығы эстрогеннің деңгейіне және ұзак уақыт бірқалыпты әсер етуіне байланысты корреляцияланады. Эндометрийдің эстрогенмен ұзак уақыт стимуляциялануы оның тамырларының көнегейіне, тамыр қабыргасының өткізгіштігінің жогарылауына, өзгерген тамыр реакциясының пайда болуына алып келеді. Қан кетудің бастаушы механизмі гормондар деңгейінің өзгеруі салдарынан, эндометрийдің қанмен камтамасыз етілуінің бұзылуы, қан толған ошақтардың пайда болуы, ишемия, некроз болып табылады. Эндометрийдің біркелкі емес сывынуынан қан кету пайда болады. Фолликулдар атрезиясы кезінде эндометрийдең өзгерістер біркелкі емес пролиферациямен ошакты гипоплазиямен сипатталады. Бұл қан кетудің патогенезі жатырдың жетілмеуіне байланысты нервтік-рецепторлы аппаратының жарамсыздығы. Лютеинді фазаның жеткіліксіздігі ЮҚҚ сирек кездесетін себебіне жатады. ЛФЖ фонинда пайда болған қан кету, сары дененің функциональды белсенділігінің тәмендеуімен немесе сары дененің уақытынан бұрын кері дамуы және аз уақыт болуынан, бұл канда ЛГ мен пролактин мөлшерінің мерзімінен бұрын тәмендеуіне байланысты. Бұл кезде эндометрийдең гистологиялық өзгерістер ерте біркелкі емес секреторлы трансформациямен, тамыр бұзылыстарымен сипатталады. Бұл ауруда жиі жәй ошакты немесе жайылған эндометрий гиперплазиясы анықталады, сирек жағдайда-эндометрий полипі, аденооматоз және аденооматозды полиптер, ете сирек жағдайда -эндометрийдің атипиялық гиперплазиясы кездеседі. ЮҚҚ бастапқы патогенетикалық ерекшеліктеріне қарамастан, аурудың әріқарайғы ағымы көбіне ЮҚҚ асқынуының болуына

және оның сатысына байланысты, яғни бұл қан кетулер асқынған және асқынбаган ағымды (жатырда екіншілік бактериальды қабыну процессінің дамуы, постгеморрагиялық анемияның, гипоксемияның дамуы, гемостаз жүйесінде екіншілік бұзылыстардың болуы) болады. Постгеморрагиялық анемия гемостаз жүйесіндегі, гормональды гомеостаз, иммунды жүйедегі бұзылыстарды өршіте түседі. Жатырда некрозға ұшыраған тіндердің болуы, ұйыған қанының болуы өрлеуші инфекцияның, эндометрит, сальпингоофориттің дамуына алып келеді. Бұл өз кезегінде қан кету көлемінің ұлғаюы мен жалғасуына алып келеді. ЮҚҚ бар науқастардағы гемостаз жүйесіндегі екіншілік өзгерістер ДВС-синдромының дамуына алып келеді.

ДВС-синдромына алып келетін факторлар:

- Көп мөлшерде қан жогалту және геморрагиялық шок;
- Массивті гемотрансфузиялар;
- Жыныс ағзаларындағы инфекциялық қабыну өзгерістері;
- Иммундық бәзілістар;
- Тромбоциттер агрегациясын шақыратын, қан ұоды жогарылататын және фибринолитикалық, қарсы потенциалын жогарылататын препараттармен емдеу;

ЮҚҚ бар науқастардағы латентті және созылмалы, жергілікті және ағзаларды закымдайтын ДВС –синдромының формасы тән. ЮҚҚ бар науқастарда жіті ДВС-синдромының дамуы өте сирек кездеседі, бірақ бұл жағдай науқастардың өлімімен аяқталады. Сондай - ақ ЮҚҚ басынан бастап біріккен генезде болуы мүмкін: гемостаз жүйесіндегі біріншілік өзгерістер және гормоналды гомеостаздың дисфункционалды бұзылысы. Бұл жағдайда қан кетудің бастапқы механизмі репродуктивті жүйедегі дизгормоналды бұзылыстар болып табылады, ал қан кету сипаты гемостаз жүйесіндегі ерекшеліктермен анықталады. Сонымен ЮҚҚ патогенетикалық ерекшеліктері науқастарда бірқатар клиникалық түрлерге бөледі.

#### ЮҚҚ клиникалық түрлері:

- Асқынбаган түрі (әдетте ұзактығы 10 күннен аз);
- Асқынған түрі (ұзактығы 10 күннен жоғары);
- Тромбоцитопения;
- Гемокоагуляция, фибринолиз өзгерістері, жатыр ішілік гемостаздың бұзылуы;
- ДВС-синдромының созылмалы және латентті түрлері;
- Біріккен түрі;
- Гемостаз жүйесінде бұзылысы бар дисфункционалды жатырдан қан кету;
- Аналық без склерокистозы синдромы кезіндегі дисфункционалды жатырдан қан кету;
- ЮҚҚ ятрогенді түрі, неадекватты гормонтерапияның нәтижесі.

**Клиникалық көрінісі.** Клиникалық түрғыдан ЮҚҚ-ді қыздардағы жатырдан қан кету деп атаған дұрыс:

- 18 жастан кіші;
- саналған гинекологиялық жасы 3 жылдан көп емес;
- спецификалық гинекологиялық қабыну аурулар болмаған (гонорея, туберкулез т.б.);
- анамнезінде аборт және босану болмаған.

ЮҚҚ клиникалық көрінісі саналуан және ол әр жағдайда патогенетикалық ерекшеліктеріне байланысты.

Ол ациклды (метроррагия), циклды (меноррагия), көп немесе аз мөлшерде, ұзакқа созылған, кезеңді түрде күшеюімен жүретін болуы мүмкін. Клиникалық тәжірибеде қан кету деп көп мөлшерде қан жогалтуды айтады. Бірақ ұзакқа созылған аз мөлшердегі қан кетулерде ЮҚҚ –ге жатады. Егер қан кету

меноррагия типінде болса, ретсіз етеккірден ен болмаганда бір ерекшелігін есте сактаған жөн:

- 7 күннен ұзакқа созылады;
- 24 күннен жиі қайталанады;
- Қалыпты етеккір мөлшерінен артық қан жоғалтады (80-120мл).

Ановуляторлы қан кету, жиі ацикльды, етеккірдің кешігінен кейін болады. Етеккір кешігінің ұзактығы 2-Запгадан 2-Зайға дейін, кейде байға дейін жалғасады. Эндометрийдегі гиперпластикалық өзгерістердің фонында болған ЮҚҚ, қайталамалы, толқын тәрізді сипатта болады, ол кезеңді түрде азайып, кейде тіпті тоқтап, содан соң қайтадан күшейіп отырады. Гипоэстрогения фонында болған ЮҚҚ көп мөлшерде, орта және аз болуы мүмкін және өздігінен тоқтайды. ЛФЖ –ден болған ЮҚҚ көбіне ретті етеккір қызметінен кейін болады. Бұл қан кетулер етеккір циклының 20-15 күнге бірден кыскаруымен, қан кету мөлшерінің ұлғаюымен және 7 күннен ұзакқа созылуымен сипатталады, бірақ олар өздігінен тоқтайды және циклды сипатта болады. Сонымен катар ЛФЖ кезіндегі қан кету етеккір келуіне 3-5 күн калғанда басталып, онын журу уақытын 7 күннен ұзартады. Қан кету өздігінен тоқтайды. Патогензі негізінде гормональды гомеостаздың функционалды бұзылысы бар шынайы ЮҚҚ, менархемен бірге сирек кездеседі, жиі алғашқы етеккірден 6-18 айдан соң болады. Асқынусыз ағымдағы ЮҚҚ –дің бастапқы этапында ауырсынусыз болады. Науқастардың жағдайы нашарламайды. Гемодинамикалық көрсеткіштер өзгермейді. Қанның клиникалық көрінісі, биохимиялық көрсеткіштер, гемостазиограмма қалыптыға сәйкес келеді.

Жалпы карау кезінде ЮҚҚ бар науқастардың 85%-да нормативті стандарттардан ерекшелендіретін морфотипикалық ерекшеліктері болады (интерсексуальды, гипо-гиперэстрогенді морфотип). Гинекологиялық тексеру кезінде жиі сыртқы және ішкі жыныс еріндері мен жатырдың гипоплазиясы анықталады. Бірақ кейбір науқастарда жыныс мүшелері қалыпты дамыған, ал кейбірінде тіпті жасынан ерте жетілу байкалады. Жоғарыда айқанымыздай

клиникалық көрінісі гормоналды гомеостаз ерекшеліктеріне байланысты. Морфотипикалық ерекшеліктері, жыныс ағзаларының жағдайы, функционалды диагностика тесттері, ағзаның эстрогенге қаныққандық деңгейін көрсетеді, яғни қан сарысындағы эстрогеннің мөлшерін. Абсолютті гиперэстрогения кезінде эстрогендердің жоғары деңгейі гиперэстрогенияға тән көріністердің пайда болуына алып келеді: гиперэстрогенді морфотип, сүт безінің жақсы дамуы, сыртқы жыныс мүшелерінің жақсы дамуы. Салыстырмалы гиперэстрогения кезінде гипоэстрогенияға тән белгілер пайда болады: гипоэстрогениялық морфотип, сыртқы жыныс мүшелерінін, жатырдың гипопластикалы болуы, қынаптың кілегей қабатының бозаруы. Көп мөлшерде және ұзакқа созылған қайталамалы қан кетулер кезінде ЮҚҚ асқынудары пайда болады. Өрлеуші инфекциямен қабыну процесінің таралуы жыныс мүшелерінде эндометрий, сальпингоофориттің клиникалық көрінісіне тән белгілер пайда болады: іштің төменгі жағында түйік ауырсынудар, субфебрилді температура, дизуриялық көріністер, жыныс жолдарынан бөлінген бөліндінің сасық, шірік иісі болады. Бұл асқынудар көбіне қан кеткеннен 10-14 күннен соң анықталады. Анемизация тері жамылғыларының және кілегей қабаттарының бозаруымен, әлсіздікпен, тез шаршағыштықпен, тахкардия, бас ауыру, бас айналумен көрінеді. ДВС-синдромы дамыған кезде неврологиялық симптоматика күшнейеді, деңе қызуының көтерілуі, деңенің катты бозаруы, көзінің астында ісінү пайда болады, қалтырау тәрізді гиперкинез, тахикардия 120-140 рет/мин, бронхиолиттің көрінісі, олигурия дамиды.

**Дифференциалды диагноз.** Пубертатты кезеңдегі қынаптан қан кету бірнеше аурулардың себебінен болуы мүмкін:

- 1) Гормоналды гомеостаздың функциональды бұзылысы (ДЖК);
- 2) Гемостаз жүйесіндегі дефекттер:
  - тромбоцитопения;
  - тромбастения;
  - апластикалық анемия;

- коагуляциялық гемостаздың түкүм қуалаушылық бұзылышы;
- геморрагиялық васкулиттер;

**3) жыныс жүйесіндегі органикалық патологиялар:**

- жыныс ағзаларының даму ақауы;
- гениталды инфекциизм;
- гениталды эндометриоз;
- аналық бездің гормонбөлүші ісірі;
- жыныс жолының неоплазмасы;

**4) жыныс жүйесінің қабыну аурулары:**

- гениталды туберкулез;
- гонорея;
- вирусты немесе аралас генезді кольпит;
- эндометрит;

**5) біріккен генезді патологиялар:**

-біріншілік гемостаз дефекті кезіндегі гормоналды гомеостаздың функциональды бұзылышы;

- біріншілік гемостаз дефекті кезіндегі спецификалық қабыну аурулары,

**6) Жаракаттану;**

**7) тұсікпен асқынған жүктілік;**

**8) ОЖЖ органикалық бұзылышы.**

**ЮҚҚ диагностикасы**, айтарлықтай қындық тузызбайды, бірақ қайталаулар кезінде және жүргізіліп жатқан корригируеші және гормоналды терапияның әсерінің болмауы, клиницисттерге барлық диагностикалық тест арсеналын колдануға тұра келеді.

**Емі.** ЮҚҚ бар науқастардың емі комплекті, этиопатогенетикалық және индивидуальды болуы керек. Емі екі этаптан тұрады.

**I этап-** қан кету кезіндегі ем.

**II этап** - қан кету рецидивінің профилактикасы, гипоталамо-гипофизарлық аналық без жүйесі қызметін қалпына келтіру.

Емінің бірінші және екінші этапында әртүрлі терапиялық іс-шаралар мен дәрі-дәрмектер қолданылады. Терапиялық іс-шараларды индивидуальды таңдау көлемі ЮҚҚ патогенетикалық ерекшеліктеріне байланысты және асқынудардың бар жоқтығына байланысты болады.

Бұл іс-шаралар мен дәрі-дәрмектік терапия төменде көрсетілген.

**I этап**

1. Емдік бақылау режимін күру.
2. Гормоналды емес гемостатикалық терапия;
- Утеротоникалық препараттар;
- Миометридің контрактилді белсенділігін жогарылататын препараттар;
- Физиотерапиялық ем;
- Рефлексотерапия;
- Фитотерапия;
- Қанның коагуляциялық потенциалын стимулдейтін препараттар;
- Витаминотерапия;
3. Гормоналды гемостатикалық терапия;
- Комбинирленген эстроген-гестогенді препараттар;
- Эстрогендер;
- Гестогендер;
4. Хирургиялық ем:
- Жатырды диагностикалық қыру;
5. Антианемиялық ем;

6. Қабынуға қарсы ем;
  - Антибактериалды;
  - Дезинтоксикациялық;
  - Қабынуға қарсы;
7. Екіншілік коагулопатиялардың профилактикасы.
  8. ДВС-синдромының емі;
  9. Біріншілік геморрагиялық бұзылыстардың гемостазокоррекциясы;

## II этап

1. ЮКҚ алып келген себепті жою;
  2. Гормоналды емес дәрмектермен гипоталамо-гипофизарлы-аңалық без жүйесін қалыпта келтіру:
    - Витаминотерапия;
    - Седативті терапия;
    - Ноотропты препараттар;
    - Микроциркуляцияны жақсартатын препараттар;
    - Физиотерапия;
    - Рефлексотерапия;
    - Дегидратациялық терапия;
    - Иммунокорригирлеуші терапия;
    - Антианемиялық терапия;
  3. Гормоналды корrigirлеуші терапия:
    - Комбинирленген эстроген-гестогенді препараттар;
    - Циклдық гормонды терапия(таза эстрогендерді 1-ші фазада, таза гестогендерді екінші фазада);
    - Екінші фазада гестогендер.
- ЮКҚ ерте диагностикасы мен өз уақытында патогенезге негізделген терапия кейін 93% науқастардың репродуктивті қызметін сақтап қалуға септігін тигізеді.